ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы XX тамыз №5265-25-00-2/2246 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «РЗАЕВ ЕМИН» атынан Емин Иса Оглы Рзаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «РЗАЕВ ЕМИН» атынан Емин Иса Оглы Рзаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «РЗАЕВ ЕМИН» атынан Емин Иса Оглы Рзаевтан мемлекет пайдасына сомасы 39 648 (отыз тоғыз мың алты жүз қырық сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 3 155 (үш мың жүз елу бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 11.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.09.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 30.09.2025
5265-25-3-1/2345

күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 11.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.09.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 30.09.2025

5265-25-3-1/2345